



"Электр желілерін басқару жөніндегі қазақстандық компания" "KEGOC" (Kazakhstan Electricity Grid Operating Company) ашық акционерлік қоғамын дамытудың 2004-2006 жылдарға арналған жоспарын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 4 маусымдағы N 623 қаулысы

"Қазақстан Республикасының әлеуметтік-экономикалық дамуының индикативтік жоспарларын әзірлеудің ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 14 маусымдағы N 647 қаулысына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қ о с а б е р і л і п о т ы р ғ а н :

1) "Электр желілерін басқару жөніндегі қазақстандық компания" "KEGOC" (Kazakhstan Electricity Grid Operating Company) ашық акционерлік қоғамын (бұдан әрі - "KEGOC" ААҚ-ты дамытудың 2004-2006 жылдарға арналған жоспары;

2) "KEGOC" ААҚ-ты дамытудың 2004 жылға арналған аса маңызды көрсеткіштері бекітілсін.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары С.М.Мыңбаевқа жүктелсін.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі

Қ а з а қ с т а н

Р е с п у б л и к а с ы

Ү к і м е т і н і ң

2 0 0 4 ж ы л ғ ы 4 маусымдағы

N 6 2 3 қаулысымен

бекітілген

"KEGOC" "Электр желілерін басқару жөніндегі қазақстандық компания" (Kazakhstan Electricity Grid Operating Company) ашық акционерлік қоғамын дамытудың 2004-2006 жылдарға арналған жоспары

1. "KEGOC" дамытудың ААҚ-ты жай-күйі мен перспективалары туралы баяндама

1.1. Кіріспе

"KEGOC" "Электр желілерін басқару жөніндегі Қазақстан компаниясы (Kazakhstan Electricity Grid Operating Company)" ашық акционерлік қоғамы (ары қарай - Қоғам) "Қазақстан Республикасының энергетикалық жүйесін басқаруды құрылымдық қайта құру жөніндегі кейбір шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 28-қыркүйектегі N 1188 қаулысына сәйкес құрылды.

Қоғам Астана қаласының Әділет басқармасында 1999 жылдың 26 мамырында тіркелінді, заңды тұлғаның мемлекеттік тіркеу нөмірі - 6801-1901-АО (Бастапқы мемлекеттік тіркелу датасы 11.07.1997).

Мекен-жайы: Қазақстан Республикасы, 473000, Астана қ., Сарыарқа ауданы, Бөгенбай батыр даңғ., 7.

Қазақстан Республикасының Үкіметі Қоғамның құрылтайшысы болып табылады. Қоғамның мемлекеттік акциялар пакеті 100%-ды құрайды. Жарғылық капиталы - 75,5 млрд. теңге.

Қоғам оқшауланған мүлікке ие, дербес теңгеріме, филиалдардың аралық теңгерімдері, ұлттық және шетел валютасындағы банк шоттары, мемлекеттік және орыс тілдеріндегі өз атауы бар дөңгелек мөрі, фирмалық бланкілері, мөртабандары мен басқа да деректемелері бар. Компания өз атынан шарттар жасасады, мүліктік және жеке мүліктік емес құқықтар мен міндеттерді сатып алады және жүзеге асырады, және сотта талапкер, жауапкер бола алады.

Қоғамның миссиясы - Қазақстан Республикасындағы Біртұтас энергетикалық жүйенің орнықты жұмыс істеуін қамтамасыз ету және Ұлттық электр торабының мемлекеттік саясат шеңберінде қазіргі заманғы техникалық, экономикалық, экологиялық талаптарға сәйкес келетіндей сенімді басқарылуын қамтамасыз ету.

Жүктелген миссияға сәйкес Қоғам мынадай функцияларды орындайды:

- Қазақстан БЭЖ-нің барлық меншік түріндегі нысандарын орталықтандырылған жедел-диспетчерлік басқару;

- жоғары кернеулі электр тораптарын басқару және электр энергиясын Ұлттық электр торап бойынша беру;

- Қазақстан Республикасының БЭЖ-де электр энергиясының өндірілуі мен тұтынылуын үздіксіз теңгерімдеуді қамтамасыз ету;

- электр энергиясының импорты мен экспортын үйлестіру;

- Ұлттық электр торабына тұтынушылар мен энергия өндіруші ұйымдардың еркін кіруін қамтамасыз ету.

Сонымен бірге, Қоғам ТМД елдері Электр энергетикалық Кеңесінің және электр энергетика саласында мемлекеттердің қызметін үйлестіретін Орталық Азия елдері Кеңесінің мүшесі болып табылады.

Қазіргі уақытта Қоғамның теңгерімінде мыналар бар: барлық кернеу сыныптарындағы электр беру желілері - 23523,3 км, соның ішінде:

1 1 5 0 кВ	-	1 4 2 2 , 9 км ;
5 0 0 кВ	-	5 4 7 4 , 2 км ;
2 2 0 кВ	-	1 5 9 8 4 , 6 км ;

110-35 кВ - 641,6 км;

трансформаторлық шағын станциялар (ШС) - 72 бірлік соның ішінде кернеулер сыныптары бойынша:

ШС 1150 кВ	-	3 бірлік қуаты 9384,1 МВА;
ШС 500 кВ	-	15 бірлік қуаты 11995,0 МВА;
ШС 220 кВ	-	51 бірлік қуаты 11041,6 МВА;
ШС 110 кВ	-	1 бірлік қуаты 2,5 МВА;

ШС 35 кВ - 2 бірлік қуаты 23,2 МВА;

сондай-ақ ғимараттар, құрылымдар, арнаулы техника, диспетчерлік-технологиялық басқару құралдары және басқа да негізгі құралдар.

Компанияның органдары:

- 1) жоғары орган - Қоғам акционерлерінің жалпы жиналысы;
- 2) басқару органы - директорлар Кеңесі;
- 3) атқарушы органы - Қоғам басқармасы;
- 4) бақылаушы органы - тексеру комиссиясы болып табылады.

Компания органдарының уәкілеттіктер өрісі Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасымен, Компанияның жарғысымен, Компанияның нормативтік-басқару құжаттарымен анықталады.

Қоғамның құрамына: Қазақстан БЭЖ Орталық диспетчерлік басқармасының Бас филиалы (бұдан әрі - ОДБ) (113 адам), аумақтық белгісі бойынша түзілген жүйеаралық электр тораптарының 9 филиалы (бұдан әрі - ЖЭТ): Ақмола (607 адам), Ақтөбе (200 адам), Алматы (403 адам), Шығыс (312 адам), Батыс (207 адам), Сарыбай (452 адам), Солтүстік (404 адам), Орталық (411 адам), Шымкент (429 адам), "KEGOC" ААҚ-ның Астана қаласындағы Өкілдігі (12 адам) және Атқарушы дирекция (барлығы - 4324 адам)
к і р е д і .

Компанияның филиалдары Компанияның окшауландырылған құрылымдық бөлімшелері болып табылады және оның функцияларының бір бөлігін, соның ішінде өкілдіктің міндеттерін атқарады. Филиалдар заңды тұлғалар болып табылмайды, ағымдағы шоттарды иеленеді, Атқарушы дирекциямен қаржыландырылады және өзінің өндірістік қызметін Компаниядағы Директорлар кеңесі бекіткен филиал туралы тиісті ереже негізінде жүзеге асырады. Өкілдік сондай-ақ Компанияның окшауланған құрылымдық бөлімшесі болып табылады және "KEGOC" ААҚ мүддесінің функцияларын жүзеге асырады, соның атынан мәмілелер мен өзге де құқықтық әрекеттер жасайды, ағымдық шотты иеленеді, Атқарушы дирекциямен қаржыландырылады, сол туралы ереже негізінде жұмыс істейді. Компанияның барлық филиалдары мен өкілдігі Әділет органдарында есепке алу тіркеуінен өтті.

Компанияның жұмысына қызмет көрсету жөніндегі қосалқы міндеттерді тиімділікпен жүзеге асыру мақсатында 2001 жылы "KEGOC-Сервис" мекемесі құрылған болатын, "KEGOC" ААҚ оның құрылтайшысы болып табылады.

2002 жылдың 1-сәуірінен Атқарушы дирекцияда күзет қызметі жөніндегі міндеттердің алып тасталуына байланысты қауіпсіздік департаменті қайта ұйымдастырылды және филиалдардан күзет қызметкерлерінің саны шығарылды.

2002 жылдың 1 тамызынан Директорлар кеңесінің шешіміне (2001 жылғы 27 тамыздағы N 4 хаттама) сәйкес және "KEGOC" ААҚ Басқармасының шешімін (2002 жылғы 31 мамырдағы N 4 хаттама) орындау мақсатында "KEGOC" ААҚ-ның ұйымдық құрылымын оңтайландыру, Атқарушы дирекция мен филиалдарды ұстауға арналған шығыстарды қысқарту, "KEGOC" ААҚ-ның ақпараттық қамтамасыз етілу, жедел-диспетчерлік және технологиялық басқарылу сапасын арттыру жөнінде жұмыс жүргізілді. Атқарушы дирекцияның құрамынан Ақпараттық технологиялар департаменті және филиалдар құрамынан - ДТБҚ, АДБЖ мен ЕТ және ақпараттандыру қызметінің қызметкерлері шығарылды, солардың базасында "Энергоинформ" мекемесі құрылды, оның құрылтайшысы "KEGOC" ААҚ болып табылады.

Құрылған мекемелердің бекітілген шығындар сметаларының негізінде Қоғам олардың ай сайынғы қаржыландырылуын жүзеге асырады. Сонымен қатар Қоғам мекемелердің жылдық қаржылық есептемесін бекітеді, орындау үшін міндетті нормативтік, қаржылық, бухгалтерлік, техникалық және ұйымдастыру-басқару құжаттамасын әзірлейді, мекемелердің қызметіне тікелей бақылауды жүзеге асырады.

Негізгі қызметтің бағыттарына сәйкес және барынша үлкен басқару тиімділігіне жету мақсатында Қоғам Басшылықтан, 7 департаменттен, 6 басқармадан, Орталық бухгалтериядан, Кеңседен, Ақпараттық-талдау бөлімінен, Қауіпсіздік қызметінен тұратын орталық аппараттың құрылымын таңдап алды.

Қоғамдық ұйымдық құрылымы

Акциянерлердің жалпы жиналысы	Директорлар кеңесі	Президент	"KEGOC" ААҚ-ның Астана қаласын. дағы басқарушы директоры, Кеңесшілер, Тех. бақылау мен еңбек қорғау басқармасы, Қызметкерлермен жұмыс жөніндегі басқарма, Заң басқармасы, Аудит б а с қ а р м а с ы
Дамыту жөніндегі Вице-пре.	Пайдалану жөніндегі Вице-пре.	Экономика жөніндегі Вице-пре.	Қауіпсіздік және жұртшылықпен байланыс жөніндегі Вице-президент

<u>зидент</u>	<u>зидент</u>	<u>зидент</u>	
	Техникалық	Коммерциялық	
	<u>директор</u>	<u>директор</u>	
Жобаларды басқару Дамыту <u>департаменті</u>	Пайдалану <u>департаменті</u>	Сату депар. таменті, Сатып алу департаменті Клиринг <u>басқармасы</u>	Кеңсе, Ақпараттық- талдау бөлімі, Қауіпсіздік қызметі, "КЕГОС-СЕРВИС" <u>мекемесі</u>
Жаңғырту және күрделі құрылыс департаменті, Қазақстан <u>БЭЖ-нің ОДБ</u>	"Энергоинформ" <u>мекемесі</u>	Қаржы басқармасы, Орталық бухгалтерия, Жоспарлау және экономикалық талдау департаменті	

Таңдап алынған басқару құрылымының тиімділігі мен дұрыстығы Қоғамның 2001-2002 жылдар қорытындылары бойынша таза табыс алуын қамтамасыз етті. 2002 жылдың 21 қазанында халықаралық "Standard & Poor's" рейтингтік агенттігімен Қоғамға несиелік ВВ рейтингі расталынды, рейтинг болжамы "Позитивтіге" қайта қаралды.

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің 2002 жылғы 2 қыркүйектегі N 343 қаулысымен Қоғам бір жыл мерзімге вексельдердің бірінші сыныптық эмитенттер тізіміне енгізілді.

1.2. Рынок талдау

2002 жылы электр энергиясын тұтыну көлемі тұтастай республика бойынша 58,05 млрд. кВт. сағатты құрады, бұл 2001 жылдың деңгейінен 2,5%-ға көп. Тұтынылған электр энергиясының едәуір бөлігін (99,2%) Қазақстан Республикасының өз электр станциялары өндірді.

Электр энергиясы Қоғамның тораптары бойынша беру көлемі 2002 жылы Қазақстан Республикасының жалпы тұтынуының 40,9%-ын құрады, бұл 2001 жылдығы көрсеткішінен 3,4 тармаққа кем. Электр энергиясын өңіраралық деңгейдегі тораптар бойынша беру көлемі үлесінің республикадағы жалпы тұтыну көлемінде азаюы

тұтынушыларды Қоғамның тораптарына шықпай электрмен жабдықтауды қамтамасыз ететін станциялардың электр энергия өндіруді ұлғайтуымен байланысты.

Электр энергиясын Қазақстан бойынша өндіру көлемі 2002 жылы 2,95 млрд.кВт.сағатқа немесе 2001 жылмен салыстырғанда 5,3%-ға ұлғайды және 58,2 млрд. кВт.сағатты құрады. Электр энергиясын өндірудің ұлғаюы республиканың барлық үш аймағы бойынша (Солтүстік, Батыс және Оңтүстік) болды.

Импорттталатын электр энергиясының көлемі 2002 жылы 2391,4 млн. кВт.сағатты құрады, бұл өткен жылға қарағанда 34,0%-ға кем. Электр энергиясының импорты Ресейденде (605,2 млн. кВт.сағатқа), Орталық Азиядан да (639,4 млн. кВт.сағатқа) а з а й д ы .

Электр энергиясының экспорты Ресейге 2002 жылы 14,0%-ға ұлғайды және 2521,9 млн. кВт.сағатты құрады. Электр энергиясының экспорттық жеткізілімдерінің ұлғайтылуына электр энергиясын Қоғамның тораптары бойынша Ресей Федерациясына жеткізу тарифінен айтарлықтай жеңілдіктермен берудің арқасында қол жеттірді.

2002 жылы электр энергиясының импортынан экспорты асып түсті, оның шамасы 130,5 млн. кВт.сағатты құрады. Осы факт электр энергиясын Қазақстаннан РФ-на экспорттық жеткізілімдерді жүзеге асырумен, сондай-ақ Орталық Азия елдерінен импортталатын электр энергиясы көлемін азайтқан еліміздің оңтүстігіндегі тұтынушыларға солтүстік энергия көздерінен беру көлемдерін ұлғайтумен байланысты.

2003 жылы электр энергиясын республика бойынша тұтыну көлемі 61,6 млрд. кВт.сағат мөлшерінде жоспарлануда, бұл 2002 жылдың деңгейінен 6,0%-ға жоғары. Жалпы тұтынудан электр энергиясын Қоғамның тораптары бойынша беру көлемдерінің үлесі Қазақстан Республикасы бойынша 2002 жылдың деңгейінде сақталады және 41,0%-ды құрайды.

Қазақстанның өз электростанцияларында электр энергиясын өндіру көлемі 2003 жылы 63,3 млрд. кВт.сағатты құрайды, бұл 2002 жылға қарағанда 8,8%-ға көп.

Қоғам көрсететін электр энергиясын беру және техникалық диспетчерлеу жөніндегі қызметтер табиғи монополияның саласына жатады. Қолданыстағы заңнамаға сәйкес Қоғам табиғи монополия субъектілерінің Мемлекеттік тізіліміне кірді.

2003 жылдың 21 сәуірінен "KEGOC" ААҚ электр қуатын реттеу жөніндегі қызметтердің жеткізілімдеушісі ретінде белгілі бір тауар рыногында басымдық (монопольдық) жағдайға ие болып келген рынок субъектілерінің Мемлекеттік тізіліміне енгізілді (ТМРЖБҚА-нің 21.04.03 N 106-ОД және 12.06.03 N 153-ОД бұйрықтары).

Қоғамның жылына бір млрд. астам кВт.сағат беруді жүзеге асыратын анағұрлым ірі қызмет тұтынушылары: "Қазақмыс корпорациясы" ААҚ "ССТКӨБ" ААҚ, "Қазақстан Темір Жолы" РМК, "Қазфосфат" ЖШС, "Қазмырыш" ААҚ, сондай-ақ электр энергиясын Ресей федерациясына экспорттайтын "AES Екібастұз" ЖШС мен "Екібастұз МАЭС-2" АҚ болып табылады.

1.3. Қоғамның 2001-2003 жылдардағы өндірістік-қаржы қызметін талдау

2002 жылы электр энергиясын Қоғам тораптары бойынша беру көлемдері 2001 жылмен салыстырғанда 5,3%-ға кеміді және 23,8 млрд. кВт.сағатты құрады. Электр энергиясының Қоғам тораптары бойынша берілу көлемдерінің кемуі республикадағы оңтүстік өңірі тұтынушыларының ЖМАЭС-ның жұмыс кезеңінде өңірлік электр торабы компанияның тораптары бойынша электрмен жабдықталуына көшуіне, электрмен жабдықталу тәсімдерінің өзгеруіне, сондай-ақ Қоғамның кейбір қызмет тұтынушыларының ҰЭТ-н шунттайтын өз ЭЖЖ-н салуына байланысты.

2003 жылы электр энергиясын беру жөніндегі қызметтерді көрсету 25,4 млрд. кВт.сағат көлемінде немесе 2002 жылдың деңгейінен 6,7%-ға артық мөлшерде болады деп күтілуде. Бұл өсім электр энергиясының Қазақстаннан Ресей федерациясына солтүстік станцияларынан экспорттық жеткізілімдерінің Қоғам тораптары бойынша электр энергиясын беру жөніндегі қызметтерге арналған тарифтен шегерімдер жасала отырып ұлғайтылуының шарттасы болды. Осы фактіні ескергенде Қоғамның тораптары бойынша электр энергиясын беру жөніндегі қызметтер көлемі 21,0 млрд. кВт.сағатты құрайды, бұл 2002 жылдың тиісті көрсеткішінен 2,0%-ға төмен. Беру көлемінің бұл кемуі Қоғамның электр тораптарына шықпай-ақ тұтынушыларды электрмен жабдықтауды қамтамасыз ететін станциялардың электр энергиясын өндірудің өсімімен байланысты.

2002 жыл ішіндегі техникалық диспетчерлеу жөніндегі қызметтер көлемі 49,5 млрд. кВт.сағатты құрады, бұл 2001 жылдың деңгейіне сәйкес келеді. 2003 жылы техникалық диспетчерлеу жөніндегі қызметтерді көрсету 54,0 млрд. кВт.сағат көлемінде немесе 2002 жылдың деңгейінен 9,1%-ға артық мөлшерде болады деп күтілуде.

2002 жылы негізгі қызметтен кіріс 12599,3 млн.теңгені құрады, бұл 2001 жылдың деңгейінен 1146,3 млн. теңгеге (10,0%-ға) көп, соның ішінде мынандай қызмет түрлері б о й ы н ш а :

- электр энергиясын беру жөнінде - 10388,7 млн. теңге;
- техникалық диспетчерлендіру жөнінде - 1435,8 млн. теңге;
- қуатты реттеу жөнінде - 774,8 млн. теңгеге артық.

Қоғамның негізгі қызметінен кірістің өсуі бір жыл ішінде өңіраралық деңгейдегі тораптарда электр энергиясының технологиялық шығынының өтемақы үшін электр энергиясын сатып алуға арналған шығындар қосылатын тарифті қолдануға байланысты.

2003 жылы Қоғамның негізгі қызметтен алынған кірістері 14329,7 млн. теңге мөлшерінде болады деп күтілуде, бұл 2002 жылдың деңгейінен 13,7%-ға көп, соның і ш і н д е :

- электр энергиясын беру жөнінде - 11181,2 млн. теңге (2002 жылдың деңгейінен

7,6% - га к ө п) ;

- техникалық диспетчерлендіру жөнінде - 2499,5 млн. теңге (2002 жылдың деңгейінен 13,7% - га к ө п) ;

- қуатты реттеу жөнінде - 649,0 млн. теңгеге артық.

Негізгі қызметтен кірістердің 2002 жылға қарағанда ұлғаюы 2003 жылдың 1 қаңтарынан бастап Қоғамның қызметтеріне жаңа тариф бекітілуімен байланысты.

2002 жылы Қоғамның негізгі қызмет жөніндегі шығындары жыл ішінде өңіраралық тораптардағы электр энергиясының технологиялық шығынының өтемақысы үшін электр энергиясын пайдалану мен сатып алуға шығындардың өсуіне байланысты 2001 жылмен салыстырғанда 8,7%-ға ұлғаюымен 12164,8 млн. теңге құрады (2001 жылы электр энергиясын сатып алу 1 шілдеден жүзеге асырылды).

2002 жылы негізгі емес қызмет жөніндегі кірістер 2559,8 млн. теңге сомасында: соның ішінде Жамбыл МАЭС-ның (ЖМАЭС) электр энергиясын сату есебінен 1389,9 млн. теңге, негізгі құрал-жабдықтар мен тауарлық-материалдық құндылықтарды сатудан - 174,6 млн. теңге, электр қуатын резервілеу жөніндегі қызметтерден - 104,6 млн. теңге, депозит ақша мен бағалы қағаздар жөніндегі сыйақыдан - 86,2 млн. теңге, ақша қаражатының қалдықтарына пайыз есептеуден - 20,3 млн. теңге алынды.

2002 жылы негізгі емес қызмет жөніндегі шығындары 2651,3 млн. теңгені құрады, бұл 2001 жылдың деңгейінен 1,6 есе жоғары, солардың ішінде: ЖМАЭС операторының міндеттерін жүзеге асыруға байланысты шығындар 1389,9 млн. теңге сомасына; негізгі құрал-жабдықтар мен аяқталмаған құрылысты есептен шығаруға - 1230,3 млн. теңге; қайырымдылық пен демеушілік көмекке 5,2 млн. теңге.

"Өзбекэнерго МАК" ААҚ-ның қуатты реттеу жөнінде көрсеткен қызметтері үшін борышын мойындау нәтижесінде Қоғамның 2001 жыл ішіндегі қаржылық нәтижесі түзетілді және 318,81 млн. теңгені құрады.

2002 жыл ішіндегі қаржы-шаруашылық қызметінің қорытындылары бойынша таза табыс 343,04 млн. теңге сомасында алынды, бұл 2001 жылдың деңгейінен 24,2 млн. теңгеге (7,6% - га) жоғары.

2003 жылы Қоғамның негізгі қызмет жөніндегі шығындары 13064,8 млн. теңге мөлшерінде болады деп күтілуде, бұл 2002 жылдың деңгейінен 7,4%-ға жоғары. Шығындардың ұлғаюы ТМҚ бағалары мен көлденең ұйымдардың қызметтеріне бағалардың жоспарлы өсуімен, жұмыс көлемдерінің артуымен, сондай-ақ негізгі құрал-жабдықтарды жоспарлы енгізуге сәйкес өтелімдік аударымдардың өсімімен байланысты.

2003 жылы негізгі емес қызмет жөніндегі шығындары 1137,8 млн. теңге сомасында жоспарлануда. Негізгі емес қызмет шығыстарына Қоғамның ЖМАЭС операторының міндеттерін орындауға байланысты шығындар енгізілді.

2003 жылы Қоғам 987,6 млн. теңге сомасындағы уақытша айырмаларға салықтық әсерді ескергендегі әдеттегі қызметтен таза табыс табуды күтіп отыр, оны

дивидендтерді төлеуге, Қоғамды дамытуға және ХЖДБ мен ЕЖДБ алдындағы міндеттемелерді орындау үшін резервтерді жасауға жұмсау жоспарлануда.

2001 жыл ішіндегі Қоғамның қаржылық есептемесіне аудитті "Ernst & Young" компаниясы, 2000 мен 2002 жылдар үшін "Deloitte & Touche" компаниясы жүргізді.

2002 жылы Қоғамның инвестициялық қызметі "KEGOC" ААҚ-ның 31.07.2002 N 206 бұйрығымен бекітілген 2002 жылға арналған Күрделі құрылыс бағдарламасына с ә й к е с жү з е г е а с ы р ы л д ы .

Күрделі қаржыны игеру 6078,0 млн. теңгені (ҚҚС-мен) құрады немесе 2001 жылдың деңгейінен 49,9%-ға жоғары. "Ұлттық электр торабын жаңғырту" жобасы бойынша күрделі қаржы игерудің жалпы көлемінен кредиттік қаражаттарды есепке алғанда 3021,6 млн. теңге, соның ішінде Қоғамның өз қаражаты есебінен - 1421,4 млн. теңге мөлшерінде игерілді, 4845,5 млн.теңге сомасында негізгі қорлар енгізілді.

Қазақстандағы бүкіл энергожүйесінің жұмыс істеу сенімділігі мен тиімділігін арттыру мақсатында Қоғам Қазақстан Республикасының Ұлттық электр торабын жаңғырту жобасын Халықаралық Жаңғырту және Даму (бұдан әрі - ХЖДБ) мен Еуропалық Жаңғырту және Даму Банкісінің (бұдан әрі - ЕЖДБ) қарыз қаражатын тарта отырып іске асырады. "Қазақстан ҰЭТ-н жаңғырту" жобасының шеңберінде 01.01.2003ж. ахуалы бойынша Қоғам Alstom, Siemens, ABB, Marubeni Utility Services және ABB VEI Metronico жабдықтары жеткізілімдеріне \$72,6 млн. несиелік қаражат сомасына сабағатшылық қызметтерге - \$3,37 млн. сомасына солардың ішінде 2002 жылы тиісінше \$70,96 млн. және \$0,91 млн. сомасында келісім-шарттар жасасты.

Жасасылған келісім-шарттар бойынша 118 ажыратқыш, 355 айырғыш, 424 тіректік оқшаулатқыш, 19 кернеу трансформаторы, 68 ток трансформаторы, 183 асқын кернеу шектеушісі, 1599 электр есептеуші жеткізілімі жүзеге асырылған болатын. Жеткізілетін жабдықтарды құрастыру жұмыс жасау кестелеріне сай жүзеге асырылды.

Жоба бойынша қаражат жұмсау, қарыздар бойынша міндеттемелер жөніндегі сыйақылар мен комиссияларды төлеу, жобаның шотына қаражатты есепке алу мониторингі жүйелі жүргізіледі.

"Қазақстан Ұлттық электр торабын жаңғырту" жобасын іске асырудан аластап қарыз қаражаты 19,22 млн. АҚШ доллары сомасына, соның ішінде 2002 жыл үшін - 16,39 млн. АҚШ доллары жұмсалды. Қоғам қаражатынан ортақ қаржыландыру бағдарламасы бойынша 32,69 млн. АҚШ доллары, соның ішінде 2002 жыл үшін - 11,83 млн. А Қ Ш д о л л а р ы ж ұ м с а л д ы .

2003 жылы "ҰЭТ-н жаңғырту" жобасын іске асыруға ХЖДБ мен ЕЖДБ қарыз қаражатынан 4450,1 млн. теңге жұмсалатын болады. Қоғамның өз қаражатынан жобаны ортақ қаржыландыру ретінде импорттық жабдықтар үшін төленетін ҚҚС есепке алғанда - 4506,0 млн. теңге. Бұл қаражаттар:

- 500-110 кВ кернеу сыныбындағы коммутациялық жабдықтарды (ажыратқыштар, айырғыштар), өлшеу жабдықтарын (ток және кернеу трансформаторлары), қорғаныш

жабдықтарын (асқын кернеу шектеуіштері) алмастыруға;
- басқару жүйелерін орнату және шағын станцияларды автоматтандыру үшін
ғ и м а р а т т а р с а л у ғ а ;

- қолданыстағы осы тақылеттес АТС-н диспетчерлік коммутатор міндеті
кіріктірілген цифрлікке алмастыруға;

- барлық энергообъектілердегі кепілді электрмен қоректендіру жүйелерінің
қолданыстағыларын алмастыруға және жаңаларын орнатуға;
- радиорелелік желілерінің қолданыстағыларын алмастыруға және жаңаларын
с а л у ғ а ;

- спутниктік байланыс торабының құрылысын бастауға жұмсалады.

ХЖДБ мен ЕЖДБ несиелері бойынша міндеттемелердің орындалуын қамтамасыз
е т у м а қ с а т ы н д а :

- ХЖДБ мен ЕЖДБ-нің несиелері бойынша пайыздар - 107,3 млн. теңге;

- ХЖДБ мен ЕЖДБ алдындағы міндеттемелер бойынша комиссиялар - 74,7 млн.
т е ң г е ;

- Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігімен 2000 жылғы 1 ақпандағы N
32-10-7-2-/37 келісіміне сәйкес ХЖДБ мен ЕЖДБ несиелері бойынша мемлекеттік
кепілдемені қамтамасыз ету үшін резервтік шотты толтыруға - 32 млн. теңге төлем
ж а с а у ү ш і н қ а р а ж а т к ө з д е л г е н .

ҰЭТ-н жаңғырту Жобасын іске асырудан басқа Қоғам өз қаражаты есебінен
ескірген жабдықтарды ауыстыруға және жаңғыртуға бағытталған ұсақ жобаларды
жүзеге асырады. 2003 жылы өзге де күрделі қаржылардың жалпы сомасы 2201,2 млрд.
теңгеге жоспарлануда. Сонымен бірге, Қазақстан Республикасы Президентінің
тапсырмасына сәйкес Қоғам Орталық аппаратын Астанаға көшіруге байланысты
іс-шаралар жүргізуді жоспарлап отыр. Осы мақсаттар үшін 2003 жылға арналған
күрделі қаржы бағдарламасымен 1630,2 млн. теңге сомасындағы қаражат көзделген.

2001 жылдың соңында Қоғам неміс және ресейлік мамандарын тарта отырып ("RWE Solution AG" және "Солтүстікбатысэнерготорапжоба" ЖЖҒЗИ), 500 кВ-тық "Қазақстанның Солтүстік-Оңтүстік" транзитінің екінші желісін салудың инвестиция алдындағы техникалық-экономикалық негіздемесін әзірлеу жөніндегі жұмысты б а с т а ғ а н б о л а т ы н .

2003 жылы Қоғам Қазақстан Республикасы Үкіметінің 03.02.2003 ж. N 125 қаулысына сәйкес жобаның техникалық-экономикалық негіздемесін әзірлеуге, сондай-ақ "ОҚМАЭС - Шу" желісінің бірінші телім күрежолын таңдау жұмыстарына шарттар жасасылды. 2003 жылы осы телім құрылысының жобасы бойынша Қоғамның 125 млн. теңге қаражатын игеру күтілуде. Қазіргі уақытта бірінші телімді салу үшін қарыз беру мәселелері бойынша әртүрлі қаржы институттарымен келіссөздер жүргізілуде.

1.4. Қоғамды дамытудың 2004-2006 жылдарға арналған жоспары

Қоғам қызметінің өндірістік және экономикалық көрсеткіштері бүкіл ел экономикасын дамыту көрсеткіштеріне толығымен тәуелді. Елді дамытудағы оң үрдістер, өнеркәсіп өндірісінің өсуі электр энергиясын тұтынудың өсуіне, тұтынушылардың төлем қабілетін арттыруға, электр энергиясының импорт көлемін азайтуға және экспортын көбейтуге мүмкіндік берген, еліміздің электр станцияларында электр энергиясын өндіруді ұлғайтуға алып келді.

2004-2006 жылдарда көрсетілетін қызметтердің көлемдері республика бойынша электр энергиясын кестеде келтірілген болжамдық теңгерімі негізінде жоспарланды:

млрд. кВт.сағ.

N р/с		2001	2002	2003	2004	2005	2006	2006 % 2003
		есеп		бағалау		Болжам		
1	Электр	55,24	58,18	63,3	66,0	70,0	72,0	113,7
					э н е р г и я с ы н ы ң			
					ө н д і р і с і			
2	Электр	56,66	58,05	61,6	64,0	67,0	69,0	112,0
					э н е р г и я с ы н			
					т ұ т ы н у			
3	Электр	-1,42	0,13	1,7	2,0	3,0	3,0	3,0
					э н е р г и я с ы .			
					н ы ң			
					т а п ш ы .			
					л ы ғ ы (-) ,			
					а р т ы ғ ы (+)			
4	Импорт	3,63	2,39	2,4	2,0	1,5	1,6	67
5	Экспорт	2,21	2,52	4,2	4,4	4,5	4,6	110

Қарастырылған кезеңде электр энергетикасы саласын одан әрі дамыту, соның ішінде электр энергетикалық кәсіпорындарын жекешелендіруді аяқтау жөніндегі іс-шаралар жоспарланып отыр. Осы кезеңде жекешелендіру тетіктері мен одан әрі реформалау жолдарының айқындалмағанын ескере отырып, Қоғамды дамыту Жоспарында бұл реформалар Қоғамның қаржы-экономикалық көрсеткіштеріне әсер етпейді деп қабылданды.

1.4.1. Мақсаттары мен міндеттері

Мемлекеттік саясатқа сәйкес және жүктелген миссия шеңберінде Қоғамның 2004 - 2006 жылдардағы қызметі Ұлттық электр торабының атқарым сенімділігін одан әрі арттыруға, тұтынушыларды энергиямен сапалы және кідіріссіз жабдықтауға, Республика экономикасын электр энергиясымен өзін өзі қамтамасыз етуіне жетуге және соның арқасында еліміздің ұлттық қауіпсіздігінің бір бөлігі ретінде энергетикалық тәуелсіздікке жетуге бағытталады. Осы мақсатпен Қоғам:

1. Қоғамның көлік жүйесін оңалтуға және энергожүйенің диспетчерлік басқарылуын жетілдіруге бағытталған Ұлттық электр торабын жаңғырту (ҰЭТ) **Ж о б а с ы н а я қ т а у д ы ;**

2. Халықаралық және Еуропа жаңғыру мен даму банктерінің алдындағы негізгі **б о р ы ш т ы т ө л е у г е к і р і с у д і ;**

3. "Қазақстанның Солтүстік-Оңтүстігі" транзитінің 500 кВ-тық екінші электр беру желісін салуды бастауды жоспарлайды, бұл қолданыстағы өткіннің сенімділігін арттыруға, сондай-ақ Солтүстік өңірдегі ірі электр станцияларынан арзан электр энергиясын беру есебінен Оңтүстік Қазақстанда электр энергиясы мен қуат тапшылығын жабуға мүмкіндік береді. Осы Жоспарда желі құрылысының мынадай екі **н ұ с қ а с ы қ а р а л д ы :**

а. желіні 2004 жылдан бастап 2008 жыл аралығындағы кезең ішінде кезең-кезеңмен **с а л у ;**

б. Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі Д. Ахметовтың тапсырмасына сәйкес 2004-2006 жылдар аралығындағы кезең ішінде барлық үш желі телімін қатарлас **с а л у .**

4. Қоғамның теңгеріміндегі электр тораптық объектілерді жөндеу мен пайдалану жөнінде қажетті жұмыстарды жүргізу, сондай-ақ жабдықтардың ескіргендерін жаңартуға және жаңа жабдық орнатуға қажетті инвестицияларды жүзеге асыру.

5. Қоғамның шығынсыз қызметін қамтамасыз ету.

1.4.2. Қойылған міндеттерге жету жолдары

Қойылған міндеттерді шешу үшін Қоғам мыналарды жоспарлап отыр:

1. Қазақстан Республикасының Табиғи монополияларды реттеу және бәсекелестікті қорғау жөніндегі агенттігімен бірлесіп тарифтік әдіснаманы жетілдіру бойынша жұмысты жалғастыру. 2003 жылы Агенттік тариф құрау тетігін реттейтін және активтерді қайта бағалауды жүргізуді қарастыратын бірқатар нормативтік құжаттарын **ә з і р л е д і .**

2. Операциялық қызметті жүзеге асыру, инвестициялық бағдарламаны іске асыру және қарыз қаражаты бойынша міндеттемелерді төлеу үшін жеткілікті Компанияның

қызметтеріне тарифтерді белгілеу мақсатында тарифтік науқан жүргізу.

3. "Қазақстанның Солтүстік-Оңтүстігі" 500 кВ-тық транзитінің екінші электр беру желісін салу үшін қажетті қарыз қаражатын алуды жүзеге асыру.

4. Көрсетілетін қызметтердің сапасы мен Қазақстан Республикасының БЭЖ жұмыс істеу сенімділігін қамтамасыз ету мақсатында Қоғамды басқару құрылымын және Қазақстан Республикасының Біртұтас энергетикалық жүйесін жетілдіру жөніндегі жұмысты жүргізу соның ішінде электр энергиясын автоматтандырылған коммерциялық есепке алу жүйесін енгізуді, диспетчерлік басқару жүйесін қайта құруды және т.с.с. көздейтін ҰЭТ-н жаңғырту Жобасын іске асыруды аяқтау.

5. Электр энергетикасы саласында нарықтық қарым-қатынастарды одан әрі дамытуға бағытталған нормативтік-құқықтық актілерді әзірлеуге қатысу.

1.4.3. Өнім өндірудің даму динамикасы

1.4.3.1. Қызметтер көлемі

2004 жылы электр энергиясын техникалық диспетчерлендіру жөніндегі қызметтер көлемі 56,5 млрд. кВт.сағат мөлшерінде немесе 2003 жылдың деңгейінен 4,4%-ға артық ж о с п а р л а н ы п о т ы р .

2005 жылы техникалық диспетчерлендіру жөніндегі қызметтер көлемі 60,6 млрд. кВт.сағатқа, ал 2006 жылы - 63,7 млрд. кВт.сағатқа дейін ұлғаяды. Қызметтер көлемінің ұлғаюы электр энергиясын өндірудің жоспарлы өсімімен байланысты.

Электр энергиясын Қоғамның тораптары бойынша беру көлемі 2004 жылы 26,4 млрд. кВт.сағат (2003 жылға қарағанда 4,1%-ға артық) мөлшерінде жоспарлануда. 2005 жылы ол 1,2 млрд. кВт.сағатқа ұлғаяды және 27,6 млрд. кВт.сағатты, ал 2006 жылы электр энергиясын Қоғам - тораптары бойынша беру көлемі 28,4 млрд. кВт.сағатты қ ұ р а й д ы .

Бұл ретте электр энергиясын Қоғам тораптары бойынша беру көлемінде төмендету коэффициенті қолданыла отырып, төленетін электр энергиясының Ресей Федерациясына берудің қатысатынын атап өткен жөн. Қажетті қаражатты алу мақсатында Қоғам берілетін шегерімдердің шамасын біртіндеп азайтуды (жылына 8%-ға) жоспарлап отыр.

1.4.3.2. Кірістер

Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 12 қыркүйектегі N 926 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасының Индикативтік элеуметтік-экономикалық дамуының 2004-2006 жылдарға арналған жоспарымен электр энергиясын күрежол

тораптары бойынша беру жөніндегі қызметтерге арналған тарифтерді 2004 жылы - 7%-ға, 2005 жылы - 8%-ға көтеру көзделген.

Тарифтің осы көтерілуі кезінде 2004-2006 жылдар кезеңі ішінде Қоғам негізгі қызметтен: 2004 жылы - 15,7 млрд. теңге (2003 жылы 9,8%-ға ұлғаю), 2005 жылы - 18,4 млрд. теңге және 2006 жылы - 18,9 млрд. теңге кірістер алуды жоспарлап отыр.

Осы өсім пайдалануға негізгі құрал-жабдықтардың енгізілумен, Қоғамның инвестициялық бағдарламаларына сәйкес және өтелімдік аударымдар мен мүлікке арналған салықтың, сондай-ақ қарыздар, салықтар, кедендік алым мен баждар бойынша төлемдерді қамтамасыз ету жөніндегі шығыстардың тиісінше ұлғаюынан болды. Есептеулер көрсеткендей, "Солтүстік-Оңтүстік" желісін кезең-кезеңмен салу кезінде тарифтердің осы көтерілуі бұл құрылысты жүзеге асыру үшін жеткілікті болып т а б ы л а д ы .

Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі Д. Ахметовтың тапсырмасы бойынша желінің барлық үш телімін қосарлай салу нұсқасына талдау жүргізілді. Есептеу құрылыстың бұл нұсқасында Қоғамда 2004 жылы қарыз қаражаты бойынша пайыздар мен комиссияларды төлеу үшін ақша қаражатының едәуір тапшылығынан жасалатынын көрсетіп отыр. Осы тапшылықты өтеу үшін 2004 жылы беруге арналған орташа тарифті 0,571 теңге/кВт.сағатқа немесе 10,6 %-ға дейін көтеру қажет. Бұл 2004 жылы Қоғамның кірістерін 16,7 млрд. теңгеге дейін арттыруға және Жобаны іске асыру үшін қажетті қарыз қаражатына қызмет көрсетуге байланысты шығындардың елеулі өсуін өтеуге мүмкіндік береді.

1.4.3.3. Шығыстар

"Солтүстік-Оңтүстік" желісін кезең-кезеңмен салу кезінде Қоғамның негізгі қызмет жөніндегі шығыстары 2004 жылы 13,8 млрд. теңге мөлшерінде жоспарланып отыр (2003 жылға қарағанда 5,4%-ға артық), 2005 жылы негізгі қызмет жөніндегі шығыстар 15,2 млрд. теңгеге дейін, ұлғаяды ал 2006 жылы 16,6 млрд. теңгені құрайды.

"Солтүстік-Оңтүстік" желісінің барлық үш телімінде қосарлай салу кезінде Қоғамның негізгі қызмет жөніндегі шығыстары: 2004 жылы - 13,95 млрд. теңгеге дейін (1,1%-ға), 2005 жылы - 15,5 млрд. теңгеге дейін (2%-ға), 2006 жылы - 17,3 млрд. теңгеге дейін (4,2%-ға) өседі. Бұл ұлғаю "Қазақстанның Солтүстік-Оңтүстік" 500 кВ-тық транзитіндегі екінші желі құрылысының жобасы бойынша қарыз қаражаты жөнінде төленетін комиссиялардың (біржолғы комиссия, пайдаланылмаған қаражат үшін комиссия) ұ л ғ а ю ы м е н б а й л а н ы с т ы .

"Солтүстік-Оңтүстік" желісі құрылысының әсерін бағалаумен байланысты есептеулер қаржылық институттар берген қарыз алу шарттары жөніндегі алдын ала деректер басшылыққа алына отырып жүргізілді. Осы шарттар "Қоғамды дамытудың инвестициялық жоспары" бөлімінде келтірілген.

"Қазақстанның Солтүстік-Оңтүстік" 500 кВ-тық транзитіндегі екінші желі құрылысының жобасын іске асырумен байланысты емес шығыстардың ұлғаюы мынадай себептерден туындаған:

инвестициялық бағдарламаға сәйкес негізгі құрал-жабдықтарды пайдалануға енгізу салдарынан өтелімдік аударымдар мен мүлікке салықты ұлғайту;

тауарларды, жұмыстар мен қызметтерді сатып алуға шығыстар "Қазақстан Республикасының 2004-2006 жылдарға арналған әлеуметтік-экономикалық дамуының индикативтік жоспары туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 12 қыркүйектегі N 926 Қаулысымен бекітілген макроэкономикалық көрсеткіштерге сәйкес индекстелген болатын;

Даму жоспарында қызметкерлердің 2003 жылға арналған жоспарлы орташа тізімдік санына қарай тұтыну бағаларының индексін есепке ала отырып, Қоғамның өндірістік қызметкерлерінің еңбекақысына шығыстарды ұлғайту көзделген. Қоғам қызметкерлерінің саны нормативтікке дейін ұлғайтылған кезде еңбекақы қоры 23%-ға ұлғаяды.

Қоғамның негізгі қызмет жөніндегі шығындарының құрылымын мынадай түрде ұсынуға болады:

млн. теңге (ҚҚС-сыз)

N	Атауы	2002	2003	2004	2005	2006
		Нақты	бағалау	жоспар	болжам	болжам
1	2	3	4	5	6	7
	Шығыстар, барлығы с.і.	12164,7	13064,8	13764,5 (13953,0)	5295,4 (15579,9)	1686,0 (17512,2)
1	Салықтар	743,8	729,3	798,1 (1036,2)	981,1 (1281,4)	128,3
2	Еңбекақы шығыс.	2571,0	2476,0	2463,3	2550,5	2632,9
	та р ы , с . і .					
2.1.	Еңбекақы қоры	2159,1	2082,5	2160,8	2237,3	2309,5
2.2.	Әлеум. салыққа	411,8	393,6	302,5	313,2	323,3
	а у д а р ы м д а р					
3	Жөндеу	1264,5	1157,1	1175,7	1194,5	1213,6
4	Пайдалану	3687,8	3884,9	4395,1 (5642,1)	5399,4 (6974,9)	6290,0
5	Пайдалану	1619,3	2143,2	2193,0	2275,3	2354,0
	ш ы ғ ы н д а р					

6	Әкімшілік	257,8	273,4	185,8	194,7	203,1
				шығыстар		
7	Күдікті борыш.			-86,3		6,6
				тар жөніндегі резерв		
8	Электр энергия.	1815,8	2189,1	2279,4	2500,2	2690,0
				сының технологиялық шығысы		
9	Басқалары	246,0	204,7	274,0	200,0	174,3
				(462,6)	(186,5)	(162,4)

Жақшалардың ішінде "Қазақстанның Солтүстік-Оңтүстігі" 500 кВ-тық транзитіндегі барлық желілер телімдерін қосарлай салу кезіндегі деректер келтірілген.

1.4.3.4. Әлеуметтік бағдарлама

Электр энергетикасындағы кадрлардың кәсіби даярлығы мен біліктілігін арттыру еңбек өнімділігіне, жабдықтардың авариялығы мен қызметкерлердің жарақаттануын азайтуға, сондай-ақ жаңадан енгізілген күрделі электр жабдығының пайдалану деңгейін арттыруға әсер ететін негізгі фактор болып табылады.

Қызметкерлермен жұмыс салааралық, салалық және Қоғам әзірлеген нормативтік құжаттарға сәйкес жоспарланады, ұйымдастырылады және бақыланады. Осыған сәйкес Қоғамда қызметкерлердің өндірістен қол үзіп қысқамерзімдік курстарда біліктілігін көтеру дүркінділігі - үш жылда 1 рет болып белгіленді. Қоғамның құрылымдық бөлімшелерінің білікті кадрларға мұқтаждығы негізінде Қоғамның басшылығы бекітетін біліктілікті арттырудың жылдық жоспарларын әзірлеу жүзеге асырылады.

2002 жылы негізгі мамандықтар бойынша біліктілікті арттырудың әралуан курстарында жоспардағы 762 адамның орнына 775 адам оқытудан өтті, олардың біліктілігін арттыруға арналған шығындар жоспардағы 28,145 млн. теңге орнына 22,250 млн. теңгені құрады.

Қоғамның оқытылған мамандарының негізгі мөлшері (90%-дан астам) біліктілігін Қазақстан Республикасының оқу мекемелерінің базасы негізінде арттырды.

Диспетчерлік қызметтердің, РҚА мен АҚА қызметтерінің, режимдік қызметтердің мамандары олардың қызмет ерекшелігіне байланысты біліктілігін Ресей Федерациясының мамандандырылған оқу мекемелерінде арттырды.

Сонымен қатар, мамандардың біліктілігін арттыру жоспарларына Қоғамның қызметкерлерін жетекші шетелдік фирмалардың дайындаушы зауыттарында, Ұлттық электр торапты жаңғырту Жобасының шеңберіндегі жабдықтар мен жабдықтаушыларда арнайы дайындау енгізілді.

Сондай-ақ Қоғам энергетика ардагерлерін әлеуметтік қолдауға көп көңіл бөледі. Атаулы көмек көрсету үшін саладағы жұмыс істемейтін зейнеткер ардагерлердің тізімдері жасалды; қазіргі уақытта Қоғамның есебінде 351 адам тұр, олардың ішінде 85 адам - ҰОС ардагерлері. Жұмыс істемейтін зейнеткерлерге бір жыл ішінде Энергетик, Женіс күндеріне орай материалдық көмек көрсетілді. Бұл шығыстар Қоғам бюджетінде көзделген қаражат есебінен жүзеге асырылады. 2002 жылы осы мақсаттарға 2,5 млн. теңгеге жуық жұмсалған болатын.

1.4.3.5. Еңбек және қоршаған ортаны қорғау

Еңбек қорғау және қауіпсіздік техникасы

Электр торабының сенімді жұмысын қамтамасыз ету үшін Қоғам Торапты пайдаланудың, өрт қауіпсіздігі мен еңбек қорғаудың жай-күйінің кешенді де тақырыптық тексерілуін, Мемлекеттік қадағалау органдарының ұйғарымдарын және технологиялық бұзушылықтар мен жазатайым оқиғаларды тергеу, сондай-ақ ай сайын жүргізілетін "Қауіпсіздік техникасы күндерінің" нәтижелері бойынша актілерін орындауға бақылаумен жүзеге асырады.

Қоғам жұмыс орындарындағы жағдайларды және еңбек қауіпсіздігін жақсартуға бағытталған іс-шараларды жүзеге асырады. Жөндеу науқаны басталар алдында Қоғамның барлық филиалдарында жұмыс жүргізушілерімен және жетекшілерімен жұмыстарды қауіпсіз жүргізуді ұйымдастыру мәселелері бойынша семинарлар өткізіледі. Жөндеу бригадаларына олардың қорғаныш құралдарымен, құрал-сайманмен, такелажбен, арнаулы киім-кешекпен жиынтықтылығына тексеру жасала отырып аттестация жүргізіледі.

ЖЭТ барлық филиалдарында бірінші басшылардың басшылығымен ай сайын "Қауіпсіз техникасы күндері" өткізіледі. Сонымен бірге барлық филиалдарда жұмыс істейтін бригадалар мен жекелеген орындаушыларға кенеттен тексеру жүйелі жүргізіледі.

Қоршаған ортаны қорғау

Қоғамның негізгі және қосалқы өндірістерінің қоршаған ортаға зиянды әсер етудің шілері:

- электр беру желілерімен және шағын станциялардың жоғары вольттық жабдығымен жасалатын электр өрісінің кернеулігі;

- бензин құятын станциялардан бензин буларының, май шаруашылығының май буларының, дәнекерлеу тұрақтарынан газдардың, жабдықтарды жөндеу жөніндегі цехтардың ағаш өңдейтін станоктарынан ағаш шаңдарының атмосфераға шығындылары және т.с.с.;

- автокөліктен бөлінетін пайдаланылған газ шығындылары;

- ластанған сулардың (көбінесе шаруашылық-тұрмыстық) сарқындылары;

- қатты қалдықтар (өндірістік және шаруашылық-тұрмыстық).

Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес қоршаған ортаны қорғау жөніндегі жұмыс былайша жүргізіледі:

а) электр өрісінің зиянды әсерін қорғау бойынша мыналар қарастырылады:

- электр беру желілерін жобалау кезінде санитарлық-қорғаныш аймақтарын жасау;

- орағытпа жолдар мен шағын станциялардағы жоғары вольттық жабдықпен тұрақты басқару тақталарының жанында тұрақты қорғаныш құрылғыларын құру;

- электр беру желілері мен шағын станциялық жабдықтарда кернеуді алмай жұмыс істеу үшін жеке қорғаныш құралдарын сатып алу;

б) шығарындылармен және төгінділермен жұмыс бойынша:

- ЖЭТ-тің әрбір филиалында "Атмосфераға шекті-ұйғарынды шығарылымдар" (ШҰШ) және "Ластанған ағынды сулармен шекті-ұйғарынды төгінділері" (ШСТ) әзірленді әрі табиғат қорғау органдарымен мақұлдастырылды, оларда шығарындылар мен төгінділерді техникалық негіздемелік мәндерге дейін жеткізу жөнінде іс-шаралар жүргізіледі. ШҰШ пен ШСТ жобаларының қолданылу мерзімдері аяқталған бойда жаңалары әзірленеді;

- жыл сайын табиғат қорғау органдарынан атмосфераға шығарылындыларға және ластайтын заттардың рұқсат етілген көлемдерінде су қоймаларына баратын ағындыларға рұқсат алынады;

с) қатты қалдықтарды дестелеу бойынша:

жыл сайын мамандандырылған ұйымдармен тұрмыстық және өндірістік қатты қалдықтарды шығаруға және көмуге шарттар жасасылады.

Басталған "Қазақстанның Ұлттық электр торабын жаңғырту жобасын" іске асыру "Қоршаған ортаны қорғау" ҚР Заңының талаптарына сәйкес әзірленген және Халықаралық жаңғыру мен даму Банкімен келісілген "KEGOC" ААҚ-ның шағын станцияларын жаңғырту кезіндегі экологиялық басқару жоспарына" сәйкес қоршаған ортаны қорғау жөніндегі іс-шараларды орындаумен жүргізіледі.

Экологиялық мәселелерді басқару жабдықтарды бөлшектеу (ескірген жабдықтар мен материалдарды басқару) сатысындағы сияқты орнату (электр өрісінің кернеулер деңгейлері мен шулар) кезеңінде де жүргізіледі.

Шағын станцияларға берілетін жабдық сапа сертификаттарына, зауыт сынақтарын өткізу сертификаттары болады.

Шағын станцияларды қайта құру және жабдықтарын алмастыруға арналған техникалық жобаға "KEGOC" ААҚ-ның шағын станцияларын жаңғырту кезіндегі экологиялық басқару жоспарының" талаптарына сәйкес әзірленген жаңғырту жөніндегі жұмыстарды жүргізу кезінде қоршаған ортаны қорғау жөніндегі арнайы бөлім енгізіледі.

1.4.4. Тарифтік саясат

Қарастырылған кезеңде Қазақстан Республикасының Табиғи монополияларды реттеу және бәсекелестікті қорғау жөніндегі агенттікпен бірлесіп өз міндеттерін жүзеге асыруға байланысты және соның салдары сияқты тұтынушыларды электрмен жабдықтаудың сенімділігі мен сапасын арттыруға арналған шығындарын жабуға жеткілікті Компанияның кірістерін қамтамасыз етуге бағытталған Қоғамның тарифтік саясатын ары қарай жетілдіру жоспарланады.

Қоғамды дамытудың осы жоспарымен ҚР-ның 2004-2006 жылдарға арналған Индикативтік әлеуметтік-экономикалық даму жоспарымен бекітілген баға өсу индекстері шегінде 2004 және 2005 жылдары электр энергиясын беру жөніндегі қызметтерге тарифтерді ұлғайту көзделген. 2006 жылы Қоғам қызметтеріне бағалардың деңгейін арттыру жоспарланбаған.

Дамыту жоспарында көзделген тарифтер қолданыстағы әдістемеге сүйене отырып және жоғарыда көрсетілгеніндей, қаржы институттарының алынған қарыз беру шарттары бойынша алдын ала деректер есепке алынып жоспарланады. Қазақстан Республикасының Табиғи монополияларды реттеу және бәсекелестікті қорғау жөніндегі агенттігі өнеркәсіп салаларын дамыту жағдайында тарифтерді, электрмен жабдықтау құрылымы мен тәсім өзгертулерін, сондай-ақ "Қазақстанның Солтүстік-Оңтүстік" транзитіндегі 500 кВ-тық екінші электр беру желісін салуды қаржыландыру шарттарын есептеудің жаңа әдіснамасы енгізілген жағдайда жоспарланған тарифтердің түзетілуі мүмкін.

1.4.5. Қаржы нәтижелері және бюджетпен қатынастар

Негізгі қаржы-экономикалық көрсеткіштер болжамы "Қазақстан Республикасы дамуының 2004-2006 жылдарға арналған әлеуметтік-экономикалық индикативтік жоспары туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 12 қыркүйектегі N 926 Қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасының 2004-2006 жылдарға арналған болжамдық макроэкономикалық дамуының көрсеткіштері есепке алына отырып ж а с а л д ы .

Қоғам қызметінің негізгі көрсеткіштерін есептеулерде мынадай ережелер мен р ұ қ с а т е т у л е р қ а б ы л д а н д ы :

Тауарларды, жұмыстар мен қызметтерді сатып алуға арналған шығыстар тұтынушылық бағалар индексі және ұлттық валютаның айырбас бағамының өзгеруі және сатып алынатын тауарлар мен қызметтер түрлеріне байланысты өнеркәсіп тауарларына арналған бағалар индекстері есепке алына отырып жоспарланды; өтелімді есептеу Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есеп стандарттарына сәйкес Қоғамның қолданыстағы Есепке алу саясаты айқындаған өтелімдік аударымдар

нормаларына сәйкес орындалды (қазіргі уақытта Қоғамда қаржы есептеменің халықаралық стандарттарына көшуін ескеретін жаңа Есепке алу саясаты әзірленуде);

Қоғамның операциялық, инвестициялық және қаржы қызметі төлемдерінен алынған төлем түсімдерінің 2004-2006 жылдарына арналған болжамы - 100%;
шығыстар бойынша мерзімі өтіп кеткен берешектің жоқтығы;

салықтарды есептеу Қазақстан Республикасының қолданыстағы салық заңнамасына сәйкес жүргізілді;

ХЖДБ мен ЕЖДБ-нің қарыздың негізгі сомаларын төлеу 1999 жылдың 21 желтоқсанындағы N 4526 kz және 1999 жылдың 3 желтоқсанындағы N 794 заем туралы шарттарда көрсетілген кестелерге сәйкес жүргізіледі;

ҰЭТ-н жаңғырту жобасы бойынша ХЖДБ мен ЕЖДБ төлейтін несиелерді пайдалану құқығы үшін пайыздар мен комиссиялар сомасын есептеу жарты жылда бір рет 1999 жылдың 21 желтоқсанындағы N 4526 kz және 1999 жылдың 3 желтоқсанындағы, N 794 заем туралы шарттарға сәйкес қолданыстағы пайыздық мөлшерлемелер бойынша жүзеге асырылады;

"Қазақстанның Солтүстік-Оңтүстік" транзитіндегі кернеуі 500 кВ екінші электр беру желісін салу Жобасы бойынша заем қаражаты жөніндегі міндеттемелерді есептеу халықаралық және қазақстандық институттардың алдын ала ұсыныстары негізінде былайша жүргізілді:

1) Е Ж Д Б

- a) біржолғы комиссия 1,5%
- b) заем сомасы - 31 млн. АҚШ доллары
- c) жеңілдік мезгілі - 3 жыл
- d) заем өтеу мерзімі - 9 жыл
- e) сыйақы мөлшерлемесі Libor + 4,5%

2) Бірлестіру (Citigroup Қазақстан, ABN-AMRO Қазақстан Банкі, HSBC Қазақстан Банкі және басқа)

- a) заем сомасы - 29 млн. АҚШ доллары
- b) жеңілдік мезгілі - 1 жылдан 3 жылға дейін
- c) заем өтеу мерзімі 5 жылдан 10 жылға дейін
- d) сыйақы мөлшерлемесі Libor+ 3,5%

3) Қазақстан Даму банкі

- a) заем сомасы - 21 млн. АҚШ долларына жуық
- b) жеңілдік мезгілі - 3 жылға дейін
- c) заем өтеу мерзімі - 12 жылға дейін
- d) сыйақы мөлшерлемесі 10%-ға дейін.

4) Libor мөлшерлемесі 1,5% мөлшерінде қабылданды.

2004 жылы Қоғам 1640,8 млн. теңге (2192,3 млн. теңге - "Солтүстік-Оңтүстік" желісінің барлық телімдерін бір мезгілде салған кезде), 2005 жылы - 2219,4 млн. теңге (

2040,4 млн. теңге) және 2006 жылы - 1955,4 млн. теңге (тиісінше 1444,6 млн. теңге) сомасында таза табыс алуды жоспарлап отыр.

Алынған таза табысты "Мемлекеттік акциялар пакеттеріне үлеспайдалар мен ұйымдардағы мемлекеттік қатысу үлесіне кіріс мәселелері туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 24 сәуірдегі N 404 қаулысына сәйкес таза табыстан 10% мөлшерінде үлеспайдаларды, сондай-ақ қарыздар бойынша міндеттемелерді төлеуге жіберу жоспарланып отыр.

2004-2006 жылдар ішінде Қоғам 3,8 млрд. теңге сомасында тікелей салықтар мен алымдарды (4,1 млрд. теңге "Қазақстанның Солтүстік-Оңтүстігі" желісін қосарлай салу кезінде) төлеуді көздеп отыр, с.і.: мүлік салығы - 2,7 млрд. теңге (2,9 млрд. теңге), әлеуметтік салық - 0,9 млрд. теңге, жерге - 0,14 млрд. теңге, көлікке - 0,02 млрд. теңге.

Мүлікке салықты есептеу негізгі құрал-жабдықтарды пайдалануға жоспарлы енгізу және өтелімдік аударымдардың қалыптасқан орташа нормасы есепке алына отырып і р і л е н д і р е жү р г і з і л д і .

Жерге және көлік құралдарына салықты есептеу тұтыну бағаларының индексі есепке алына отырып жүргізілді, өйткені осы салықтарды есептеудегі базалық көрсеткіш мейлінше төменгі есептік көрсеткіш болып табылады.

Көлікке салықты есептеу көліктің бірлік санының артуы есепке алынбай жүргізілді, бұл қазіргі уақытта автокөлік және арнаулы техника сатып алудың жүйедегі мөлшерін ұлғайтуға емес, тозған көлікті ауыстыруға бағытталуымен байланысты.

Жер салығы "Қазақстанның Солтүстік-Оңтүстігі" транзитіндегі екінші электр беру желісінің күрежолына жерді таңдау келісу және бөлу жүргізілгеннен кейін түзетілуі мүмкін, бұл желінің өтетін аудандарын және салықты есептеуге қажетті тіректер санын а й қ ы н д а у ғ а м ү м к і н д і к б е р е д і .

Әлеуметтік салықты есептеу 01.01.2004 жылдан бастап қолданысқа енетін Қазақстан Республикасы Салық кодексіне қызметкерлердің жалақы мөлшеріне байланысты әлеуметтік салықтың кемімелдік мөлшерін көздейтін өзгерістер есепке а л ы н а от ы р ы п жү р г і з і л д і .

Қарастырылған мезгілде Қоғам корпоративтік салықтың төленуін жоспарлап отырған жоқ, бұл уақытта шегеріске жатқызылатын тозу сомасының салық есебіне сәйкес өтелімдік аударымдардан бухгалтерлік есепке сай айтарлықтай асып түсуіне байланысты. Бұл ретте электр беру тораптары жөніндегі салық есебі бойынша Қоғам шектіден төменгі аударымдар нормасын қолданады. Сонымен қатар, жобаларды іске асыру нәтижесінде Қоғам активтері құнының әжептәуір өсуі жоспарланады, бұл салықтық және бухгалтерлік есеп арасындағы айырманың ұлғаюына әкеп соғады. Қоғамның қолданыстағы бухгалтерлік есеп стандарттарына сәйкес Қоғам 2003 жылдан салықтық және бухгалтерлік есеп арасында туындайтын уақытша айырмаларға арналған корпоративтік салық бойынша резервтерді қалыптастыра бастады.

2. Қоғамды дамытудың инвестициялық жоспары

2.1. Инвестициялық саясат

Қоғамның Инвестициялық саясаты Қазақстан Республикасының БЭЖ-н сенімді, орнықты жұмыс істеуін, тұтынушылардың үздіксіз электрмен жабдықталуын қамтамасыз етуге, рынокты дамыту мен есепке алу жүйесін жетілдіруге бағытталған.

Электр энергетикалық жабдықтың үлкен тозушылығын есепке ала отырып, Қоғам жабдықтардың тозғанын жаңартуға, ескіргенін жаңғыртуға және жана жабдықтарды орнатуға бағытталған инвестициялық бағдарламаларды іске асыруға баса назар аударады.

Осы мақсатпен Қоғам 2000 жылдан:

- жоғары вольттық жабдықтарды орнатуға;

- телекоммуникация құралдарын, Ұлттық электр торабын басқару жүйесін (бақылау мен деректерді өңдеу жабдықтары (SCADA), энергетикалық басқару жүйесі (EMS)) жаңғыртуға;

- электр энергиясының автоматтандырылған коммерциялық есепке алу жүйесі мен Қоғамды басқарудың интеграцияланған жүйесін жасауға бағытталған "ҰЭТ-н жаңғырту" жобасын іске асырады.

